

Логопедтің мақсаты: Сөйлеу тілін дамытуға бағытталған педагогикалық қолдауды жүзеге асыру, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және диагностикалық, дамытушылық, кеңес беру-ағартушылық іс-шаралар арқылы балалардың балабақшада толық және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету.

Логопедтің міндеттері:

1. Білім алуда балаларға тәрбиешілермен, ата-аналармен бірлесіп логопедиялық тексеруден өткізу;
2. Білім алуда балаларға жеке, топтық логопедиялық қолдау көрсету.
3. Балаларды оқыту, тәрбиелеу, түзету жөніндегі шешімдерді жас ерекшелігіне байланысты қолдану.
4. Балаларға ерте коррекциялық көмек көрсету

5. Логопед жұмысының негізгі бағыттары:

1. Ұйымдастырушылық жұмыс;
2. Білім алуда қажеттіліктерін бағалау және балалардың педагогикалық қолдаудың мазмұнын анықтау;
3. Балалар мен олардың ата-аналарына логопедиялық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау;
4. Кеңестік-әдістемелік қызмет;
5. Өзін-өзі дамыту.

№	Іс-шараның атауы	Өткізетін мерзімі	Жауапты маман
1. Ұйымдастырушылық			
1	Логопедиялық кабинетті сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалармен түзету-дамыту жұмыстарына сай етіп жабдықтау.	1-15 қыркүйек	Логопед

2	Жылдық жұмыс жоспары	Қыркүйек	Логопед
3	Жеке, топтық сабақтарда құру	Қыркүйек	Логопед
4	Құжаттарды рәсімдеу және жүргізу: 1.Сабақ кестесін құру; 2. Журнал толтыру: ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу.	Қыркүйек және жыл бойы	Логопед
2. Балаларды тексеру бойынша жұмыстары сөйлеу бұзылыстарын түзету			
5	Балалардың психо-физикалық және сөйлеу мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін логопедиялық зерттеу: 1. Ұйымдастырылған әс-әрекетте бақылау; 2.Сөйлеу карталарын толықтыру; 3.Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар;	Қыркүйек	Логопед Арнайы педагог Педагог-психолог
6	Балалардың оқу қиындықтарының	Қыркүйек	Логопед Арнайы педагог

	көріністерін және олардың себептерін ұжымдық талқылау		Педагог-психолог
7	Балалармен жұмысты жоспарлау: 1.Балалармен жұмыстың жеке бағдарламаларын құру (ЖДБ); 2.Балалардың жеке және топтық сабақтардың перспективалық жоспарларын құру; 3.Жеке және топтық ұйымдастырылған іс- әрекеттің жоспарларын құру;	Қыркүйек	Логопед
8	Тәрбиешілердің сұранысы бойынша балалардың қажеттіліктерін бағалау	Жыл бойы	Логопед
9	Тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс- әрекеттеріне қатысу.	Жыл бойы	Логопед
10	Логопедиялық жұмыстардың нәтижесін бағалау. Есептерді құру.	Қаңтар Мамыр	Логопед
11	Логопедиялық сабақтар	Жыл бойы	Логопед

	өткізу		
12	Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы мен жеке оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау	Жыл бойы	Логопед
3. Кеңестік-әдістемелік қызмет			
13	Үй жағдайында сөйлеуді дамыту және олардың алдын-алу мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру	Жыл бойы	Логопед
14	Ата-аналар жиналысын өткізу.	Қыркүйек-мамыр	Логопед
15	Тәрбиешілер мен мамандарға жеке кеңес беру	Жыл бойы	Логопед
4. Біліктілікті арттыру			
16	Арнайы әдістемелік әдебиеттер, сөйлеу бұзылыстарын түзету бойынша жаңа әдістерді зерделеу.	Қыркүйек-мамыр	Логопед
17	Сөйлеу бұзылысы бар балаларға арналған өзге арнайы білім беру ұйымдарының ашық	Үнемі	Логопед

	логопедиялық сабақтарына қатысу.		
18	Балалардағы сөйлеу бұзылыстарын түзету мәселелері бойынша тренингерде, біліктілікті арттыру курстарында, семинарларда білім алу.	Үнемі	Логопед